



Құрметті Серік Мәуленұлы!

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті атынан Сізді және өзіңіз басқарып отырған ұжымды жоғары оқу орнының 80 жылдық мейрейтойымен құттықтаймын.

Қазақстанның солтүстік өңіріндегі білім мен ғылымның, мәдениеттің қарашыңырағы – М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие, елімізге қажетті білікті маман-кадрлардың үздіксіз даярлығын жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының бірі болып саналады.

Қазіргі жаһандану кезеңінде білім және ғылым саласында Елбасымыздың жүктеп отырған үлкен міндеттерін жүзеге асыру жолында Сіз басқарып отырған оқу ордасының қосып жатқан үлесі де қомақты.

Өркениет жолында ғылымның заңғарына, білімнің биігіне ұмтылған оқу ордасы маңызды да жауапты істерді орындауда ұлы мұраттарға қол жеткізетініне сеніміміз мол.

Ғасырға жуық тарихы бар оқу ордасы бүгінгі күні әлемдік кеңістіктің барлық салаларының дамуына өз үлесін қосып, тек еліміздің ғана емес, сондай-ақ жақын және алыс шетелдердің де жетекші оқу орындарымен тығыз байланыс орнатып, биік тұғырдан көрінуде. Сонымен қатар халықаралық қоғамдастықтағы интеграция мен жаһандану үрдістеріне белсенді қатысатын әлемдегі озық білім беру, интеллектуалды, мәдени орталығына да айналып отыр.

Нарықтың қазіргі талаптарына сай, тәуелсіздігімізді тұғырлы ету жолында аянбай тер төгіп, бәсекеге қабілетті маман даярлауды мақсат тұтқан М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті ұжымын бүгінгі мерейтойымен құттықтай отырып, баршаңызға мықты денсаулық, оқу-ағарту ісінде шығармашылық табыс тілейміз.

Білім мен ғылым саласында биік асулардан сүрінбей өтіп, абыройларыңыз әрдайым асқақтай берсін!

Тәуелсіз еліміздің нұрлы болашағы - жас ұрпақ тәрбиелеу жолындағы істеріңіз жемісті де сәтті болсын!

Құрметпен,
Ш.Уәлиханов атындағы КМУ ректоры



Ә. Әбжаппаров